

Осы Кешбэк бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) №001 «Банк ЦентрКредит» АҚ-та Жеке тұлғаларға банктік қызметтер кешенін ұсынудың стандарт талаптарын (Қосылу шарты) жасасқан және осы Бағдарламаға қатысатын карточка ұстаушылар болып табылатын «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан әрі – Банк) клиенттеріне (бұдан әрі – Клиенттер) арналған. Егер осы Бағдарламада өзгеше көрсетілмесе, онда барлық пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Қосылу шартында айқындалған мағынада пайдаланылады.

1. Глоссарий

- 1.1. Кешбэк – клиентке ПОС-терминал/Интернет арқылы карточканы (оның деректемелерін) пайдалана отырып, жасалған қолма-қол ақшасыз сауда немесе ВСС.KZ-те жасалған төлем сомасынан ақшаның бір бөлігін қайтару. Бұл кезде Кешбэк Бағдарламаға сәйкес карточканың шотына жинақталған Кешбэкті аудару үшін Клиентке қолжетімді бонустық шотта есептеледі.
- 1.2. Сауда жасау – ПОС-терминал/Интернет арқылы карточканы (оның деректемелерін) пайдалана отырып, тауарлар мен көрсетілген қызметтердің ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу.
- 1.3. ВСС.KZ-тегі төлем – ВСС.KZ мобильді қосымшасында тауар мен көрсетілген қызмет ақысын төлеу.
- 1.4. MCC (Merchant Category Code) – сауда-сервис нүктесі қызметінің түрін анықтайтын төрт таңбалы сан).
- 1.5. Бонустық шот – Кешбэк есептеуді/пайдалануды есепке алуға арналған әрбір Клиент бойынша Банк ашатын баланстан тыс шот.
- 1.6. Сүйікті санаттар – транзакция жасау үшін Клиентке Бонустық шотқа Кешбэк есептелетін санаттар.
- 1.7. Сәлемдесу бонусы – карточка бойынша алғашқы транзакция сомасының 10%-ы түріндегі сыйақы.
- 1.8. Серіктес – Банспен ынтымақтасатын және Клиенттерге Кешбэк немесе жеңілдік беретін компания немесе ұйым.
- 1.9. Серіктестік Кешбэк – Клиенттерге осы Серіктестен қызметтерді сатып алғаны немесе пайдаланғаны үшін сыйақы алуға мүмкіндік беретін Серіктес ұсынатын Кешбэк.

2. Жалпы қағида

- 2.1. Осы Бағдарлама Клиенттердің Банк өнімдеріне адалдығын арттыруға, Клиенттерді сауда- сервис желісінде карточканы пайдалана отырып, көбірек қолма-қол ақшасыз сауда жасауға және күнделікті есеп айырысуда қолма-қол ақша қаражатын пайдаланудан бас тартуға уәждеуге арналған.
- 2.2. Кешбэк шартты бірліктермен көрсетіледі, ол Клиенттің Бонустық шотына салынып, Клиенттің талабы бойынша Бонустық шотынан есептен шығарылады. Кешбэктің қолма-қол (ақшалай) көрінісі жоқ және электрондық ақша қаражаты болып табылмайды, ақша қаражаты қызметін атқармайды. Кешбэк тауар болып табылмайды және төлем үшін Клиентке сатылмайды.

3. Кешбэк түрлері

- 3.1. Карточканы (оның деректемелерін) пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз сауда жасау үшін Кешбэк операцияны өңдеу фактісі, яғни карточка шотынан сауда жасау сомасын есептен шығару (Банк сауда-сервис нүктесінен сауда жасауды растауды алған кезде) бойынша Клиенттің Бонустық шотына есептеледі. Әдетте Кешбэк Бонустық шотқа Клиент сауда жасаған сәттен бастап 1-7 күн ішінде есептеледі.
- 3.2. Карточканы пайдалана отырып, сауда жасау үшін Кешбэк сауда нүктесі санатының түріне қарай бөлінеді. Сауда жасау санаттарын Банк MCC (Merchant Category Code) коды

бойынша анықтайды, ол сауда нүктесінің негізгі қызметін анықтау үшін Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелері тарапынан көзделген.

3.3. Банк ВСС.KZ-те жасалған төлемдер үшін сәлемдесу бонусын есептемеуге, ВСС.KZ-те жасалған төлемдер үшін (1-қосымшада аталғандардан басқа) және карточканы (немесе оның деректемелерін) пайдалана отырып, жасалған келесі шығыс операциялары үшін Кешбэк есептемеуге құқылы:

3.4. - ВСС.KZ қосымшасында жүргізілген төлемдер;

- қаржы институттарының/кредиттік ұйымдардың банкоматтарынан және кассаларынан ақша қаражатын алу (МСС 6011, 6010);
- ақша аударымдары, ақша есептеу, қаржы ұйымдары, мемлекеттік төлемдер (МСС 4829, 6531 - 6540, 6012, 6022-6028, 8931, 9211, 9222, 9311, 9399, 9402, 9405 және операция ақша қаражатын аударуға байланысты болған кезде басқа МСС);
- телекоммуникация қызметтері, мобильді байланыс, интернет және ақылы телевизиялық қызметтер төлемі (МСС 4812, 4813, 4814, 4815, 4821, 4899, 7375); - коммуналдық төлемдер (МСС 4900);
- ұтыс және бәс тігу төлемдері, казино фишкаларын, шетел валютасын, бағалы қағаздарды сатып алу, пайлармен жасалатын қаржылық мәмілелердің төлемін жүргізу, ломбардтар (МСС 5933, 6050, 6051, 6211, 6529, 6530, 7800, 7801, 7802, 7995, 9406, 9223, 9754);
- көтерме/коммерциялық сауда-саттық (МСС 5046 – коммерциялық жабдық, 5099 – өрт сөндіргіштер, өрт хабарлағыштар және басқалар, 5172 – мұнай және мұнай өнімдері, 5715 – алкоголь, 5921 - Алкоголь сататын дүкендер, 5993 - темекі дүкендері);
- басқа (МСС 4816 – компьютерлік желі/ ақпараттық қызметтер, 5960 – пошталық жөнелтілім арқылы сақтандыру, телевизиялық хабарландырулар және басқа, 6300 – сақтандыру төлемдері, андеррайтинг және сыйлықақы, 6399 – сақтандыру – еш жерде жіктелмеген, 6513 – жылжымайтын мүлік агенттері мен менеджерлер – жалға алу, 7321 - несиелік бюролар, 7261 - жерлеу қызметтері және крематорийлер, 7273 – танысу, 7276 – салық бойынша қызметтер, 7299 – басқа сервис – еш жерде жіктелмеген, 7311 – жарнама қызметтері, (МСС 7372, 7392) – компьютерлік бағдарламалау, деректерді өңдеу және интеграцияланған жүйелерді жобалау қызметтері, 7361 - жұмыспен қамту агенттіктері, уақытша анықтамалық қызметтер, 7393 - қарыз жинаушы агенттіктер, 7399 – бизнес қызметтер, 8661 - діни ұйымдар, 0763 - ауылшаруашылық кооперативтері, 8111 - адвокаттар, заң қызметтері, 7277 - қарыздар, неке, жеке мәселелер-кеңес беру, 8651 - саяси ұйымдар, 8734 - сынақ зертханалары (медициналық емес), 8999 – кәсіби қызметтер – еш жерде жіктелмеген, 8398 – қайырымдылық).

3.5. Банк эквайер банктердің (сауда-сервис нүктелеріне қызмет көрсететін банктердің) сауда- сервис нүктелеріне дұрыс МСС бермегені үшін жауап бермейді.

4. Кешбэк салу және пайдалану тәртібі

4.1. Кешбэк сомасын анықтау үшін сатып алу сомасы осы сауда-сервистік нүктеде немесе санатта сатып алу Кэшбэгінің пайызына көбейтіледі.

4.2. Егер Клиент күнтізбелік ай ішінде кемінде 500 (бес жүз) теңге сомаға Кешбэк жинаса, күнтізбелік ай аяқталғаннан кейін сома автоматты түрде Бонустық шоттан есептен шығарылады және қалпына келтірілмейді.

4.3. Жинақталған Кешбэк сомасын Бағдарламаға қатысатын карточкаға аудару үшін Клиент кемінде 2 000 (екі мың) теңге сомаға Кешбэк жинауы қажет.

4.4. Егер Клиент өзінің Кэшбэгін оларды 12 ай ішінде Бонустық шоттан карточкаға аудармай пайдаланбаса, бұл қаражат автоматты түрде Бонустық шоттан есептен шығарылады және қалпына келтірілмейді.

4.5. Кешбэк Бонустық шотқа Бағдарламаға қатысушы әрбір карточканың айлық Кешбэк лимиті шегінде есептеледі.

4.6. Банк келесі жағдайларда Кешбэкті Клиенттің Бонустық және/немесе кез келген шотынан есептен шығара алады:

- сатып алған тауарды қайтару;
- Бағдарламаны теріс пайдалану;

- Бағдарлама ережелерін бұзу;
- қате артық есептеу.

4.7. Егер хабарлама Банктің сайтында (www.bcc.kz) орналастырылған болса немесе клиент Бағдарламаны тоқтату/тоқтата тұру туралы басқа тәсілмен хабардар етілсе, Банк Клиенттің Бағдарламаны тоқтату/тоқтата тұру туралы ақпаратты алмағаны немесе түсінбегені үшін жауап бермейді. Бағдарламаның күші жойылған жағдайда, Клиент жинақталған Кешбэкті Бағдарламаның күші жойылған күнге дейін карточкаға аударуға құқылы. Бағдарламаның күші жойылған күннен кейін Клиенттің Бонустық шотында қалған Кешбэк жойылады.

4.8. Клиент Кэшбэгінің күшін жою Банктің шешімі бойынша мүмкін болады. Банк клиентке өз шешімінің себебін хабарламауға құқылы. Мұндай операция Банктің кірісі болып есептелмейді.

5. Бағдарламаға қатысатын карточкалар және шарттары

5.1. Банк **#картакарта** өнімі бойынша Кешбэктің келесі түрлерін қарастырған:

Кешбэк түрлері	Мөлшері, жасалған сауда сомасының %	Күнтізбелік айға белгіленген лимит
Сүйікті санаттардағы Кешбэк ^{1,6}	10%-ға дейін	20 000 теңге
Сәлемдесу бонусы ⁴	10%	
Серіктестік Кешбэк (Банк Серіктесінің арнайы ұсынысы болған кезде) ²	20%-ға дейін	

5.2. Банк **#бссрау** өнімі бойынша Кешбэктің келесі түрлерін қарастырған:

Кешбэк түрлері	Мөлшері, жасалған сауда сомасының %	Күнтізбелік айға белгіленген лимит
Сүйікті санаттардағы Кешбэк ^{1,6}	10%-ға дейін	10 000 теңге ⁵
ВСС.KZ 3 (Жалақы жобасы) қолданбасында жасаған төлемдерге кешбэк	10%-ға дейін	10 000 теңге
Қоғамдық көлікте пластик картамен төлеу үшін кешбэк	10%-ға дейін	10 000 теңге
Серіктестік Кешбэк (Банк Серіктесінің арнайы ұсынысы болған кезде) ²	20%-ға дейін	

5.3. Банк **#tabysCard** өнімі бойынша Кешбэктің келесі түрлерін қарастырған:

Кешбэк түрлері	Мөлшері, жасалған сауда сомасының %	Күнтізбелік айға белгіленген лимит
Сүйікті санаттардағы Кешбэк ^{1,6}	10%-ға дейін	10 000 теңге ⁵
Серіктестік Кешбэк (Банк Серіктесінің арнайы ұсынысы болған кезде) ²	20%-ға дейін	

¹ Егер сауда нүктесі бір мезгілде Банктің серіктесі болып табылса және Клиент таңдаған сүйікті санатқа кірсе, Банк Кешбэк лимиті аясында Клиентке Кешбэктің ең жоғары мөлшерін есептейді. Мобильді қосымшаның пайдаланушылары үшін қол жетімді ВСС.KZ 4.0.0 және одан кейінгі нұсқалары

² Серіктестік Кешбэк, жеке сауда жасау үшін Кешбэк және сүйікті санаттардағы Кешбэк қосылмайды. Серіктестік Кешбэктің пайызы, серіктес ұсынған шарттарына байланысты.

³ Кешбэк төлеу көзделген төлемдер мен санаттар тізбесі 2-қосымшада көрсетілген

⁴ Ең жоғары сәлемдесу бонусы 1 000 теңгені құрайды (мерзімі 1 ай)

⁵ Жалақы жобасына қатысқан кезде карталар бойынша лимит 30 000 теңгеге дейін ұлғаяды,

сонымен бірге жалақы жобасына қатысатын #bcsspay болған кезде, 30 000 теңге лимиті #картакартаға қолданылады

⁶ 1 (бір) сүйікті санат бойынша ең жоғары кешбэк – 10 000 теңге

5.4. Санаттарды таңдау Банктің BCC.KZ мобильді қосымшасында барлық #картакарта, #bcsspay ұстаушылар үшін қолжетімді:

- **#картакарта** ұстаушыларға, ай сайын Банк Клиентке ұсынылған 7 (жеті) сүйікті санаттың ішінен 3 (үш) санатты таңдауға мүмкіндік береді;
- **#bcsspay, #tabysCard** ұстаушыларға, ай сайын Банк Клиентке ұсынылған 7 (жеті) сүйікті санаттың ішінен 2 (екі) санатты таңдауға мүмкіндік береді;
- Егер клиентте екі карта да бар болса (**#картакарта + #bcsspay немесе #картакарта+#tabysCard немесе #картакарта + #bcsspay + #tabysCard**), клиентке ұсынылған 7 (жеті) санаттың ішінен 3 (үш) санатты таңдауға мүмкіндік беріледі, бұл санаттар екі карта үшін де жарамды болады. Банк тарапынан **#картакарта, #bcsspay, #tabysCard** бойынша әр ай сайын алуға болатын ең жоғары Кешбэк сомасы 20 000 (жиырма мың) теңгені құрайды.

5.5. Әрбір санаттағы Кешбэк санаттарының тізбесі мен мөлшерін Банк біржақты тәртіппен айқындайды және оны Банк ай сайын өзгертуі мүмкін.

5.6. Санатты таңдау айына 1 рет жүзеге асырылады.

5.7. Клиент таңдаған санаттар ұсыныс қолданыста болған айдың соңғы күніне дейін белсенді болады.

6. Өзге талаптар

6.1. Банктің Бағдарлама шарттарын бұзғаны үшін Клиент алдындағы жауапкершілігі Клиент Кешбэк салу мәселесі бойынша жүгінген жағдайда, Кешбэктің Клиентке тиесілі сомасын салумен шектеледі.

6.2. Банк жаңа Бағдарламаны Банк сайтына орналастыру немесе қолданыстағы Бағдарламаға өзгеріс енгізу арқылы біржақты тәртіппен Бағдарламаның шарттарына өзгеріс пен толықтыру енгізуге құқылы. Сонымен қатар Банк Клиенттерге маркетингтік және/немесе ақпараттық хабарлама беру арқылы Бағдарламаның өзгергені туралы Клиенттерге хабарлауға құқылы.

6.3. Клиент Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуін дербес қадағалауға міндеттенеді. Бағдарламаның жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің карточканы және/немесе Бағдарламаны пайдалану жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыруы Клиенттің Бағдарламаның жаңа редакциясымен келісетініне растау болып табылады.

6.4. Банк Клиенттерге Бағдарламаның аясында Клиенттерге арналған арнайы акция/ұсыныс өткізілетіні және оның шарттары туралы тиісті ақпаратты Банктің сайтында немесе мобильді қосымшада орналастыру арқылы немесе Банктің таңдауы бойынша Клиент үшін қолжетімді басқа тәсілмен хабарлайды.

6.5. Егер Клиент Бағдарламаның шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттерді жүзеге асырса және/немесе Бағдарламаның аясында Клиентке берілген кез келген артықшылықтарды және/немесе ынталандыруларды теріс пайдаланса және/немесе Банкке жаңылыстыратын қате мәліметтерді берсе, Банк ескертусіз кез келген Клиентті Бағдарламаға қатысушылар қатарынан алып тастауға құқылы. Клиенттің Бағдарламаға қатысуы жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, осы Клиенттің Кешбэгі жойылады.

6.6. Клиенттер Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдаланған жағдайда (мысалы, бір сауда-сервис орнында және/немесе бір ПОС-терминал бойынша сауда жасау) Банк Клиентке Кешбэк есептеуді тоқтатуға, алдын ала салынған Кешбэктің күшін жоюға және/немесе Клиентті Бағдарламаға қатысушылар қатарынан алып тастауға құқылы.

6.7. Егер Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдалану нәтижесінде салынған Кешбэк Клиент карточкасының шотына аударылған жағдайда, соңғысы Банкке салынған Кешбэктің сомасын карточка шотынан Банктің акцептісіз есептен шығаруы/тікелей дебеттеуі арқылы

салынған қаражатты қайтаруға келісім береді.

6.8. Банк келесі жағдайда Клиентке Кешбэк есептемеуге құқылы:

- сауда-сервис нүктесін оған қызмет көрсететін банк жоғарыда көрсетілген МСС-ге жатқызған болса, бірақ бұл ретте Банкте осы сауда-сервис нүктесі өз қызмет түрі бойынша сүйікті санатқа жатпайды деп есептеуге негіз бар болса;

6.9. Валютамен транзакция жасаған кезде, Банк Кешбэкті транзакция жүргізген сәтте Банк белгілеген бағам бойынша есептейді және Кешбэкті Банкке қаржылық құжат келіп түскен сәтте белгіленген бағам бойынша есептейді.

Сүйікті санаттар (жоғары Кешбэкті санаттар)

1. Авто	
5013	Автокөлік бөлшектері
5511	Қызмет көрсету, жөндеу, қосалқы бөлшектер және лизинг
5521	Қызмет көрсету, жөндеу, қосалқы бөлшектер және лизинг
5531	Автокөлік керек-жарақтары дүкені
5532	Автокөлік шиналары дүкендері
5533	Автокөлік бөлшектері мен автотауарлар дүкендері
7523	Автотұрақтар, тұрақ есептегіштері және гараждар
7531	Автожөндеу шеберханалары
7534	Шиналарды жөндеу және жөндеу шеберханалары
7535	Автокөліктерді қалпына келтіру
7538	Автосервис (дилер емес)
7542	Көлік жуу орындары
7549	Тіркеп сүйреу қызметтері
2. АЖҚБ	
5172	Мұнай және мұнай өнімдері
5541	Сервис станциялары – мотор отынын сату
5542	Автоматты отын таратушыны пайдалана отырып, мотор отынын сату.
5983	Отын дилерлері – мазут, сүрек, көмір және сұйытылған мұнай
3. Дәріханалар, оптикалар	
5122	Дәрі-дәрмектер
5912	Дәріханалар
8043	Оптикалар, оптикалық тауарлар және көзілдіріктер
4. Тұрмыстық техника және электр тауарлары	
5045	Компьютерлер, перифериялық компьютерлік жабдық және бағдарламалық қамсыздандыру
5722	Тұрмыстық техника дүкендері
5732	Электроника дүкендері
5946	Фотоаппараттар мен фототауарлар дүкендері
5. Үйде тамақтанамыз (Тамақ жеткізу сервистері)	
4214	CHOCOFOOD.KZ, YANDEX.EDA, GLOVO
4215	CHOCOFOOD.KZ, YANDEX.EDA, GLOVO
5411	CHOCOFOOD.KZ, WOLTENTERPRISES
5811	YANDEX.EDA, WOLTENTERPRISES
5812	CHOCOFOOD.KZ, YANDEX.EDA, WOLTENTERPRISES

5814	CHOCOFOOD.KZ, YANDEX.EDA, WOLTENTERPRISES, GLOVO, JetPay*Dodopizza.kz
6. Жануарлар	
0742	Мал дәрігерлік қызметтер
5995	Зоодүкендер, жемшөп
7. Үйде ойнаймыз (Ойын сервистері)	
5816,7994	STEAMGAMES, YANDEX, STEAMPOWERED, XBOX, WARGAMING, ITUNES, GOOGLE, EPIC GAMES, MICROSOFT STORE, ORIGIN
8. Дәмханалар мен мейрамханалар	
5811	Кейтерингтік компаниялардың қызметтері
5812	Мейрамханалар
5813	Барлар
5814	Жылдам тамақтану мейрамханалары (Fast Food)
9. Кеңсе тауарлары	
5111	Кеңсе тауарлары
5943	Кеңсе дүкендері, кеңсе және мектеп дүкендері
10. Кино	
7829	Кинофильмдер мен бейнетаспаларды шығару және тарату
7832	Кинотеатрлар
7841	DVD / Бейнетаспалар прокаты
11. Кітаптар	
2741	Баспа және басып шығару
5192	Кітаптар, мерзімді басылымдар және газеттер
5942	Кітап дүкендері
5994	Газет дүңгіршектері
12. Косметика және парфюмерия	
5977	Косметика дүкендері
13. Жиһаз	
5718	Каминдер, каминге арналған экрандар және аксессуарлар
7641	Жиһаз - қаптау, жөндеу және әрлеу
1761	Шатыр және сидинг жұмыстары, қаңылтыр металды өңдеу
14. Медициналық қызметтер	
4119	Жедел медициналық көмек
5975	Есту аппараттары – сату, сервис және жеткізу
8011	Дәрігерлер (басқа айдарларда санаттарға бөлінбеген)
8021	Стоматологтар және ортодонттар
8031	Остеопаттар
8041	Хирургтар
8042	Оптометристер және офтальмологтар

8049	Ортопедтер
8050	Науқастарға күтім жасау және денсаулық күтімі бойынша қызметтер, қарттарға арналған үйлер, хоспис мекемелері және ұзақмерзімді күтім жасауға арналған басқа мекемелер
8062	Ауруханалар
8071	Медициналық және стоматологиялық зертханалар
8099	Медициналық қызметтер және медициналық жұмыскерлер (басқа айдарларда санаттарға бөлінбеген). Қан банктері, химиялық тәуелділікті емдеу орталықтары, репродуктивтік денсаулық клиникалары, шаш алмастырғыштар – хирургиялық, есту қабілетін тексеру жөніндегі қызметтер, терапевтік массаж, психикалық денсаулық практикалары, физиотерапевттер, психиатрлар, психологтар, спорттық медицина клиникасы, терапевттер
15. Киім және аяқ киім	
5131	Галантерея, галантерея бұйымдары
5137	Ерлер, әйелдер, балалар киімі және коммерциялық киім
5611	Ерлер киімі және аксессуарлары дүкендері
5621	Әйелдер киімі дүкендері
5631	Әйелдерге арналған аксессуарлар дүкендері (сөмкелер, қалпақтар, бижутерия, шарфтар, белдіктер, іш киім, шашқа арналған аксессуарлар және шұлық бұйымдары).
5641	Балалар киімі және аксессуарлары дүкендері
5651	Бүкіл отбасыға арналған киім дүкендері
5661	Аяқ киім дүкендері
5681	Тері бұйымдары дүкендері
5691	Ерлер мен әйелдер киімі және аксессуарлар дүкендері
5697	Киім тігу және жөндеу
5698	Парик дүкендері
5699	Киім және аксессуарлар дүкендері
5931	Қолданылған тауарлар дүкендері
5948	Багаж және былғары галантерея дүкендері
5949	Тігін, қолөнер, мата және даналап сатылатын тауарлар дүкендері
7251	Аяқ киім жөндеу шеберханалары, аяқ киім мен бас киімге күтім жасау салондары
7296	Киімді жалға беру
16. Сыйлықтар	
5945	Хобби, ойыншықтар және ойындар сатылатын арнайы дүкендер
5947	Арнайы сыйлықтар мен кәдесыйлар дүкендері
17. Өнімдер мен супермаркеттер	
5300	Көтерме сауда және дисконт дүкендері

5411	Азық-түлік дүкендері және супермаркеттер
5422	Ет және теңіз өнімдерін жеткізушілер
5441	Кондитерлік дүкендер
5451	Сүт өнімдері дүкендері
5462	Нан-тоқаш өнімдері, пісірілген нан
5499	Өзге азық-түлік дүкендері – тәулік бойы жұмыс істейтін дүкендер және арнайы базарлар
18. Ойын-сауық	
5735	Компакт-дискілер (CD) мен кассеталарды сату, бейнетаспаларды жалға беру
5815	Кітаптарды, фильмдерді немесе музыканы электрондық форматта сату
5816	Ойындарды (құмар ойындардан басқа) электрондық форматта сату
5817	Қосымшаларды немесе бағдарламалық қамсыздандыруды (ойындардан басқа) электрондық форматта сату
5818	Цифрлық тауарларды сату (электрондық форматта)
7221	Фотографиялық студиялар (көпшілікке арналған фотосуреттер: үйлену және т.б.)
7395	Фотозертханалар
7922	Билет кассалары және театр продюсерлері (кинофильмдерден басқа)
7929	Театр қойылымдарын ұсынатын топтар, оркестрлер және басқа әртістер (басқа бөлімдерде санаттарға бөлінбеген), музыканттар, топтар, оркестрлер, комедианттар мен сикыршылар
7932	Бильярд және бассейндер
7933	Боулингтер
7991	Туристік көрікті жерлер мен экспонаттар, ботаникалық бақтар, қолөнер шоулары, мұражайлар мен шарап жасау орындары
7994	Бейнеойындарға арналған аркадалар, ойын автоматтары (оның ішінде музыкалық автоматтар, әп-сәтте шығарылатын фотосуреттерге арналған кабинкалар және т.б.)
7996	Ойын-сауық саябақтары, цирктер, карнавалдар және балгерлер
7998	Аквариумдар, теңіз аквариумдары, дельфинарийлер және зоопарктер
7999	Белсенді физикалық қатысуды талап ететін демалыс қызметтері (басқа айдарларда санаттарға бөлінбеген)
19. Үйді жөндеу	
1520	Бас мердігерлер – тұрғын және коммерциялық құрылыс
1711	Желдету, жылумен жабдықтау және су құбыры жөніндегі бас мердігерлер
1731	Электр энергиясы жөніндегі мердігерлер
1740	Оқшаулау, мозаика, сылақ жұмыстары, тас қалау, тақтайшамен, кафельмен қаптау
1750	Балташылық жұмыстары
1799	Келісімшарттық қызметтер (басқа еш жерде санаттарға бөлінбеген)
5039	Құрылыс материалдары (басқа бөлімдерде санаттарға бөлінбеген)

5072	Жабдықтар мен материалдар (болттар, гайкалар, бекіту бөлшектері, қол аспаптары, құлыптар, шегелер және т.б.)
5074	Су құбыры мен жылыту жүйесіне арналған жабдық
5200	Үйге арналған тауарлар (тұсқағаздар, бояулар, араланған материалдар, бақ керек-жарақтары, электр жабдықтары және үйге арналған заттар, раковиналар, шкафтар, есіктер және т.б.)
5251	Шаруашылық дүкендері (жарықтандыру аспаптары, сантехникалық, шығыс материалдары, құралдар)
5211	Араланған материалдары мен құрылыс материалдары дүкендері
5231	Шыны, бояу және тұсқағаз дүкендері
5713	Еден жабындары дүкендері
5714	Перде, терезе жабындары және қаптама дүкендері
20. Үйде көреміз (Стриминг сервистері)	
5815,4899	MEGOGO
7832,4899 5815	NETFLIX
7832,4899 5815	YANDEX.KINOPOISK
5815,4899	AMEDIA
5968	AMEDIATEKA
5815,4899 5968	IVI.RU
5815,4899 5968,7841	IVI_KZT
21. Қайтадан мектепке	
2741	Баспа және басып шығару
5045	Компьютерлер, перифериялық компьютерлік жабдық және бағдарламалық қамсыздандыру
5065	SULPAK
5111	Кеңсе тауарлары
5192	Кітаптар, мерзімді басылымдар және газеттер
5411	IP SADAKOV (Оқушы әлемі)
5722	Тұрмыстық техника дүкендері
5732	Электроника дүкендері
5942	Кітап дүкендері
5943	Кеңсе дүкендері, кеңсе және мектеп дүкендері
5946	Фотоаппараттар мен фототауарлар дүкендері
5994	Газет дүңгіршектері
8211	Академиялық оқытуды қамтамасыз ететін бастауыш және орта мектептер
8220	Жасөспірімдерге арналған колледждер, университеттер, кәсіптік мектептер және колледждер
8241	Сырттай мектептер (онлайн оқыту)

8249	Кәсіптік-техникалық училищелер
8299	Мектептер және білім беру қызметтері
5945,5641 5732,5735 5942	MELOMAN
5641,5735 5945	MARWIN
22. СПА және массаж	
7297	Массаж қызметін ұсынатын терапевтік қабылдау бөлімдері. Олардың кейбіреуі бет массажы және ароматерапия секілді жеке процедуралар ұсынуы мүмкін
7298	Денсаулық салондары (дербес немесе терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөптермен орау, күнге күйе процедуралары, гидромассаж ванналары, бу моншалары және т.б.)
23. Спорт	
5655	Спортқа арналған киім дүкендері
5940	Велосипед дүкендері – сату және сервис
5941	Спорт тауарлары дүкендері
7298	Денсаулық салондары (дербес немесе терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөптермен орау, күнге күйе процедуралары, гидромассаж ванналары, бу моншалары және т.б.)
7911	Би залдары, студиялар және мектептер
7941	Кәсіби және әуесқойлық спорт клубтары, спорт алаңдары және спорт промоутерлері
7992	Гольфқа арналған қоғамдық алаңдар
7997	Мүшелік клубтар (спорт, ойын-сауық), қала сыртындағы клубтар және гольфқа арналған жеке алаңдар, жүзу клубы, теннис, ау клубтары, боулинг-лигалар, атпен жүруге арналған клубтар
7999	Белсенді физикалық қатысуды талап ететін демалыс қызметтері (басқа айдарларда санаттарға бөлінбеген)
24. Такси	
4121	Такси және лимузины
25. Сұлулық қызметтері	
7230	Сұлулық салондары және шаштараздар
7297	Массаж салондары
7298	Денсаулық салондары (дербес немесе терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөптермен орау, күнге күйе процедуралары, гидромассаж ванналары, бу моншалары және т.б.)
26. Фитнес және спорт	
7298	Денсаулық салондары (дербес немесе терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөптермен орау, күнге күйе процедуралары, гидромассаж ванналары, бу моншалары және т.б.)
7911	Би залдары, студиялар және мектептер
	Кәсіби және әуесқойлық спорт клубтары, спорт алаңдары және спорт

7941	промоутерлері
7992	Гольфқа арналған қоғамдық алаңдар
7997	Мүшелік клубтар (спорт, ойын-сауық), қала сыртындағы клубтар және гольфқа арналған жеке алаңдар, жүзу клубы, теннис, ау клубтары, боулинг-лигалар, атпен жүруге арналған клубтар
7999	Белсенді физикалық қатысуды талап ететін демалыс қызметтері (басқа айдарларда санаттарға бөлінбеген)
27. Гүлдер	
5261	Тәлімбақтары және көгалдар мен бақ керек-жарақтары дүкендері
5992	Флористер (гүлдерді, гүл композицияларын, құмыра өсімдіктерін сату)
28. Зергерлік әшекейлер, сағат	
5094, 5944	Зергерлік әшекейлерді, сағаттарды сататын арнайы дүкендер

2-қосымша

ВСС.KZ-тегі төлемдер (#вссрау жалақы картасы бойынша Кешбэкпен)

1	Коммуналдық төлемдер
2	Қоғамдық көлік
3	Үй телефоны, TV
4	Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметтері (балабақшалар)